

Құнды мех түрлерінің тізбесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1993 жылғы 27 шілде N 645. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995.07.14. N 974 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Құнды стандартты мех түрлерінің тізбесі N 1 қосымшаға сәйкес бекітілсін.
2. Жоғары сортты қаракөл елтірілерінің тізбесі N 2 қосымшаға сәйкес бекітілсін.
3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бас салық инспекциясы құнды мех түрлерінен жасалған бұйымдарға акциз төлеттіру кезінде осы қаулыны басшылыққа алсын.
4. Осы қаулы 1993 жылғы 1 тамыздан бастап күшіне енгізілсін.

Қазақстан Республикасы
Премьер-министрінің
бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1993 жылғы 27 шілдедегі
N 645 қаулысына
N 1 қосымша

Құнды стандартты мех түрлерінің
Тізбесі

Кәмшат терісі
Теңіз мысығы терісі
Қара-қошқыл түлкі терісі
Қара күзен терісі
Ақ және көгілдір түлкі терісі
Құндыз терісі
Сусар терісі
Бұлғын терісі
Жоғары сортты қаракөл елтірісі

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1993 жылғы 27 шілдедегі
N 645 қаулысына
N 2 қосымша

Жоғары сортты қаракөл елтірісінің
Тізбесі

Жоғары сортты қаракөл елтірісіне жақсы өңделіп, боялған,
ақаусыз үлкен көлемді, түсі мен сорты төмендегідей елтірі жатады:

Таза тұқымды қара қаркөл

Бірінші сорт

оның ішінде:

сорты таңдаулы бірінші жакет - "П"

таңдаулы бірінші жакет - "Е"

бірінші жакет - "ПП"

бірінші жұқа қабырғалы бұйралы - "Т"

бірінші жұқа жазық - "С"

Таза тұқымды көк қаракөл

Бірінші сорт

оның ішінде

бірінші жакет үлгісіндегі

жартылай шеңберлі

Таза тұқымды сұр қаракөл

Бірінші сорт

оның ішінде:

жартылай шеңберлі

бұйралы

Таза тұқымды қаракөлше

Бірінші сорт

оның ішінде

қара, көк және сұр түсті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК